

Kishkentai oqyrmandarǵa arnalǵan jýrnal

BALAPAN



álemi

№6
2020 jyl





ЖУРНАЛ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРИЛГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТИНІҢ
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША
ШЫГАРЫЛАДЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МУШЕЛЕРІ:

Қабаев Әділбек Құнесханұлы
Редакциялық алқа торагасы
Рахымжанов Қайыржан Алдашұлы
Редакциялық алқа хатшысы
Медетбекова Меруерт Асқарбекқызы
Филология гылымдарының докторы
Орынбетова Эльмира Асилтаевна
Филология гылымдарының кандидаты
Ибрағим Ботағөз Жақыпқызы
Педагог
Мамасариеva Айдана Баҳтияровна
Педагог
Атанбек Наурыз
Ақын, жазушы
Ашықбаев Ертай Ахатұлы
Ақын, жазушы, журналист

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ҚҰРАМЫ:

Бас редактор
Айнагүл Танатова
Редактор орынбасары
Айша Бибі Нұрлыйбай
Корректор
Ләззат Дүсінбекқызы
Психолог
Айсұлу Қаламбаева
Суретші
Ардақ Акимова
Фотограф-дизайнер
Бағдат Түлебав

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркелі,
24.04.2009 жылы №10074-Ж
тіркеу туралы күлілігі берілген.

Шыгарушы:
«Айша-Бибі – Сланды ана» ЖШС
Редакция мекенжайы:
160000, Шымкент қаласы,
М.Дулати көшесі, 203 үй, 2-кабинет,
“Ризық” бизнес орталығы.
Тел.: 8 701 139 34 21
e-mail: Saha_0001@mail.ru

Журнал
«Типография Art DO» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Натаров көшесі, №95 үй.

Басуға қол қойылған күн 20.10.2020ж.
Қалпы 60x84/8. Қағазы оғсеттік.
Шартты баспа табагы - 4.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №

Мағлұмы



3 Кім тез жамтап алады?

4 Ойын ойнап, ән салмаң, өсер Бала болар ма?

6 Ертегілер елінде...

11 Ойнайың та, ойлаңың!

14 Балаларға базарлық

20 Сен білесің бе?

24 Жұмбақтар

28 Сөзгік

30 Ама-анаға кеңес

34-35 Шебер қолдар

КІМ ТЕЗ ЖАТТАЙ АЛАДЫ?

Сырғанак

Қар жамылды күллі алаң,
Жүрмедік біз құр қарап.
Бір топ бала бірлесіп,
Жасап алдық сырғанак.
Ақ көрпемен он қабат,
Тастағандай дөңді орап.
Ауырмайды еш жерім,
Аунап түссем домалап.

Әли Ыскабай

Аққала

Бойыма шақ қана
Қаладым аққала.
Куансын қосыла,
Жүгірдім досыма.
Жыгыла-сүріне
Жеткеніше үйіне.
Мақтанып айтқанша,
Ертін-ақ қайтқанша:
Аққалам үлгеріп
Кетіпті күнге еріп!

Ескен Елубаев

Қыс күні

Жапалақтап ала қар
Жауды күнде қайталап.
Қырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап.
Жұлдыз болып ағамыз
Ақ мамықтың үстімен.
Біз спортыши боламыз,
Улгі аламыз күштіден.

Тұманбай
Молдагалиев



Ойын ойнап, ән салмай,
Өсер бала болар ма?



Тотықұс

Ойынга қатысушылар дөңгелене тұрады да, бір бала ортага шығады. Оның көзі орамалмен таңылады. Ол тордагы «тотықұс» деп саналады. Басқалары қол ұстасқан қалпы құсты айнала жүріп, әндетееді:

Тотықұс-ау, тотықұс –

Жақсы көрер досымыз.

Әнге құлақ тосыңыз,

Кім боламыз осы біз? – деп, кілт тоқтай қалады. Сол кезде тотықұс ту сыртында тұрган баланың атын дәл тапса, аты аталған бала тордагы тотықұстың орнында қалады да, ойын әрмен қарай жалғасады.


Ойын баланы зерек, сергек болуга тәрбиелейді.





Мен зерек баламын

жол




1

*Бір қатарда берілген
екі суретті біріктіріп,
жасырылған сөзді тап.*


барыс



қас





тас



бақа

3

*Аңдардың атын жаз.
Атауында «С» әрпі бар
аңдарды көрсөт.*



--	--	--	--

--	--	--	--	--



2

*Бұынға болінген
сөздерді оқы.*

1. И-не-лік
2. Ке-ме
3. Қам-шы
4. А-лау
5. Мы-сық
6. Ө-рік
7. Пар-та
8. Рау-шан

5

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНАДЕ...

ҚУ ТҮЛКІ



Ертеде қу түлкі өмір сүріпті. Қыстың күні мұз қатқан өзеннің үстімен аяғын етпен басып келе жатқанда, жұқа мұз астынан сылдырап су ағып жатқанын байқайды. Енді біреудің көмегінсіз жағаға шыға алмайтынын сезіп, мұз үстіне жата қалады. Кенет орманнан аш қасқыр шыға келеді. Түлкінің жатқанын көріп, алдымен өзі тіл қатады:

– Оу, түлкі, мұздың үстінде бұл не жастыс? – дейді.

– Қасқыр, кел, көмектес. Тезірек кел, үлкендігі дәл сендей балықтың құйрығынан ұстап жібермей жастырмын. Екеулен тартып алайық, – дейді. Мұның сөзіне аш қасқыр бірден иланып, көзі оттай жсанып, іші шұрқырады.

Ойланбастан көмекке секірді де кетті.

Сол кезде жұқа қабыршақ мұз опырыла ойылып кетеді. Аңқау қасқыр суга батып, тұншыға бастайды. Сол сәтте түлкі бір аяғын қасқырдың басына қойып, жағаға секіріп шыгады. Осылайша түлкі қасқырды алдаң соғыпты.



Олар да бала болған

Бердібек Соқпақбаев (1824-1991 ж.ж)

Балалар жазушысы Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қостөбе ауылында дүниеге келген. 8 жасында анасынан айырылған баланы білім атты теңізге агасы Сатылған әкелді, оның білімге деген сүйіспеншілігін тудырды. Бердібек өте білікті және қабілетті бала болып өсті. Орта мектепті де сол ауылда бітірді.

Өз ортасының алды болған Бердібек мектеп бітіргеннен кейін әскерге барып, кейіннен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына окуга туседі.

Бердібек шығармашылық қызметін ақын ретінде бастады. 1950 жылы оның «Бұлақ» атты алгашиқы өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Сондай-ақ ол әйгілі «Менің атым Қожса», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гаунар?» және «Ергежайлілер елінде» сынды бірқатар әңгіме, хикаялар қалдырды.

Жас қаламгерлердің тұындысы



Ана тілім

Тілім менің тірегім,
Кеудемдегі жүргегім.
Қасиетті тілімді
Мен қадірлеп жүремін.

Мөлдір Тілектес,
Нұр-Сұлтан қаласы.

Тәуелсіздік

Ашиқ аспан астында
Тату болсын еліміз.
Тәуелсіздік мәңгі болып,
Өсе берсін даңқымыз.

Айару Ерман,
Шымкент қаласы.

Ана

Ана – бақыт, ана – нұр,
Таусылмайтын жыр-әнім.
Ана – шаттық, ана – гүл,
Сарқылмайтын бұлагым.

Нұрғали Болат,
Ақтөбе облысы.

Елбасы

Нұрсұлтан ата – Елбасы,
Қыдыр ата жолдасы.
Елі үшін тыным көрмеген,
Елбасын, тәңір қолдашы.

Сабина Мұқанова,
Ақтөбе қаласы.

Аға

Мениң ағам ақылды,
Қойған менің атымды.
Ойнатып мені өзімен,
Қамқор болып жүреді.

Ибраһим Жантөре,
Түркістан облысы.

**“Жас қаламгер”
конкурсының
корытындысы
21-бетте.**



Жас сүретшілдердің наурағасы

Жас



Сабина Ахатаева,
Нұр-Сұлтан қаласы.



Айсұлу Нұрманова,
Ақтөбе облысы.



Аяулым Базланбекқызы,
Шымкент қаласы.

2+2



Шокан Алтай,
Нұр-Сұлтан қаласы.



Абылайхан Сатыбалды,
Түркістан қаласы.



Әдия Жандосқызы,
Түркістан облысы.

«Үздік жас
суретші»
конкурсының
корытындысы
21-бетте.





боялак




10



Ойнайық та, ойлашың!



Шым-шытырық
жолдан жүріп
єт!



Қыс мезгілінде
ұйқыға кетеді.
Ол кім?
Суретті боя!



Ұлттық аспап

Сыбызғы

Халық арасында кең тараган үрмелі аспаптардың бірі – **сыбызғы.**

Сыбызғыны құыс талдан жасаған, одан үш саңылау ойған. Қурайдан, агастан, кейде жезден де жасалады.



Ұзындығы
600-650 мм
немесе
700-800 мм
болады,
3-4 ойықты.



Сыбызғы ойықтарынан демді жай немесе күшті шығару арқылы түрлі дыбыс әуендері туады.

Суреттер сойлейді

Баланың сойлеуін дамытуға арналған тапсырмалар.

Суреттерге қарап, осы жыл мезгілін атап бер.
Сондай-ақ сөйлем немесе мәтін құрастыр.



Суреттерге қарап, осы жыл мезгілін атап бер.
Сондай-ақ сөйлем немесе мәтін құрастыр.



Табиғатты қалай сүйеді?

Табиғаттану сабагы. Гүлсанар апай жаңа тақырыпты өтіп жатыр. Көркем суреттері бар кітаптың бетін ашып:

—Міне, мынау — шыриша. Қараңдарды, қандай биік! Балалар, сендер табиғатты сую, аялау дегенді білесіңдер ме? — деді. Сосын апай жекелеп сұрай бастады:

— Мысалы, сен айтшы, Дәulet, ертең Жаңа жылды қарсы аласыңдар ма?

— Иә, апай.

— Сонда ортага не қоясЫңдар?

— Шыриша.

— Осындай шыриша ма? — деп сұрады апай.



— Жоқ. Көкем базардан басқасын әкеледі. Мұндай шыришаны кесу, — деп, Дәulet кітапты иегімен көрсетіп — обал болады, — деді.

— Ақылдыңнан айналым! Табиғатты сую дегеніміз — осы, балалар! — деп сүйсінді Гүлсанар апай.

Алғашқы қар

Жылы жаққа құс кетті
Топ-топ болып.
Шұғыласын қыс төкті
Әппақ мамық.

Конып жатыр арай-нұр
Таудан-тауга.
Терезеден қарайды ұл
Жауган қарға.

Қызығына тоймайды
Салса да асыр.
Қазір, қазір сайлайды
Қол шанасын.

Қалмаханбет
Мұқаметқали

Алғашқы қар, жаңа күн,
Әппақ әлем.
Ойнаганы-ай, балаңың
Аққаламен!






Есепке жүйрік, бақаңай!

№1 тапсырма

Айбек қармағымен
қызыл түсті балықты,
Дәурен көк түсті балықты
аулады. Олардың әрқайсысы
неше балықтан ұстағанын
санап шық.



№2 тапсырма

Бос ұяшықтарға қажет
санды жаз.

$$2 + \boxed{\quad} = 10$$

$$10 - 5 = \boxed{\quad}$$

$$\boxed{\quad} + 1 = 2$$


$$5 + 1 = \boxed{\quad}$$

$$\boxed{\quad} - 3 = 6$$

$$4 - 3 = \boxed{\quad}$$

№3 тапсырма

Айшаның қолында жасыл түсті
бес кәмпитет болған.
Оған әжесі тағы осынша сары түсті
кәмпитет берді.
Айшада барлығы неше кәмпитет
бар?



$$\boxed{\quad} + \boxed{\quad} = \boxed{\quad}$$

Анаграммалар



«С»-дан бастасаң –
Сүйиқ мөлдіреген.
«Т»-дан бастасаң –
Маңдайшада желбіреген.

(С-Т)




«Қ»-дан бастасаң –
Ағза мүшесі.
«Б»-дан бастасаң –
Сүпін ішесің.


(Қ-Б-А-Б)



«Б»-дан бастасаң –
Орман ішін кезген.
«Қ»-дан бастасаң –
Қорықта үркіп, безген.
(Б-Қ-Б-Қ)



«Т»-дан бастасаң –
Жейтін тамак.
«Қ»-дан бастасаң –
Кару-жарақ.
(Т-Қ-Т-Қ)



«Ж»-дан бастасаң –
Тоқтаусыз согып тұrap.
«Қ»-ден бастасаң –
Сайман-құрал.

(Ж-Қ-Қ)



“Мұзды өлкеге саяхат” оыйны

18-19 беттердегі оыйнның
ережесі:

Бұл үстел оыйнын екі не
одан да көп балалар ойнай
береді.

Оыйнның мақсаты:

баланың логикалық ойлау
қабілетін, фантазиясын
дамыту.

Оыйнның шарты:

36-беттегі суреттердің арасынан
сүйкі өлкеде мекендейтін
аң-құстарды қызып алып, тиісті
орынға қойып шығу.

Қажетті заттар: текше
және әр оыйнышыға бір-бір
фишка керек болады.

Оыйншылар текшени
кезек-кезек лақтырып, әркім
өз фишкасын стартқа тізіп,
жүрісті бастайды.


Тапсырмаларды дұрыс
орындап, мәреге алғаш болып
жеткен оыйнши әсемінде
атанауды.

Дұрыс жауап берсең,
тағы екі рет
жүріс жүр.

Дұрыс жауап берсең,
нұсқағышпен көрсетілген
санға жетесің.
Жауап дұрыс болмаса,
нұсқағышпен көрсетілген
санға, артқа қарай
шегіну керек.

«Мұзды салқаке ойыны»

Ойын ережесі 17-бетте көрсетілген.



19

СЕҢ БІЛЕСІН, БЕ?

Ең үлкен жүрек – керіктің жүрегі.



Тауықтардың ең ұзақ ұшуы бар-жоғы 13 секунд қана екен.



Араның ызыңы қанаттарының қалысынан шыгады екен, олар минутына қанаттарын 11 400 рет қалады.



Ұлуда шамамен 25 мың тіс болады екен.



Көбелектің иіс сезу қабілеті жақсы дамыған. Ол ғүлдердің хош иісін алыстан сезе алады. Мұны мұрнымен емес, қанаттарының көмегі арқылы сезеді екен.



Өрмекши ұясының жіптері өте мықты келеді.



Қытбамтың біздің оқырмандар!

«Балапан әлем» журналы үйымдастырған бірнеше конкурс өз мәресіне жетті. Еліміздің көптеген аймақынан келген балақайлардың суреттері мен өлеңдерін редакция алқасы сараптай отырып, өз бағасын берді.

Көптен күткен конкурс қорытындысы бойынша төменде аты-жөні көрсетілген балалар редакция атынан сыйлықтар мен алғысхаттарға ие болды.



Жандос Нұрланұлы,
Жамбыл облысы.

Айару Ерман,
Шымкент қаласы.

Айдана Тілеқжан,
Алматы қаласы.

«ЖАС ҚАЛАМГЕР» КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Сыйлыққа:



Балаларға
арналған
көркем
шығармалар
жинағы

Сабина Ахатаева,
Нұр-Сұлтан қаласы.

Әли Өмірзаков,
Шымкент қаласы.

Артур Эльдарұлы,
Жезқазған қаласы.

Сыйлыққа:



Сурет салуға
арналған
құрал
жабдықтар
жинағы



Күттүктаимыз!

Ертеде-ерте, ертеде...

Бақаның арманы

Ертеде екі бақа айнымас дос болыпты. Бақаның біреуі «Менің туган күніме адамдар секілді достарым маган да гүл сыйласа екен» – деп армандайды екен. Өкінішке қарай, оның арманы орындалмапты. Сондай күнді көптен аңсап жүрген бақа туган күнінің қарсаңында досын шақырып:

– Менің туган күніме әдемі гүл сатып әкеліп берши? – деп өтініп, қолына тензге ұстасып жіберіпті.

Бақа теңгені алған соң, досының тапсырмасын орындау үшін жолга шыгады.


Қалың өскен шөптің арасынан дара-дара болып шыққан тікенек бақаның жасалаңаши денесін тырнап, есін шығарады. Әбден шаршап, гүл іздең жүргенде, досының берген теңгесін жоғалтып алады. Амалы құрыған бақа берген тапсырманы орындаі алмай, кері қайтады. Еңсесі түсіп кеткен досын көрген бақа іштей ашуланады. Соңынан досының өзіне деген ниеті адап екенін түсініп, оны кешіріп, қайта қасына шақырып алады.

Сөйтіп бақа осы жылы тағы да туган күнін гүлсіз өткізді. Оған бақа өкінген жок, себебі ол досының адальдығына шексіз қуанышты еді.




СҮРЕТ салып ҮЙРЕҢЕМІЗ!


1




2




3



4



5



23

ЖұмбАқтар

Шелек қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы.
Қыста қардан туатын,
Тауып көрши, сен оны.



Қыста гана болады,
Ұстасаң қолың тоңады.



Тоңғақты таниды,
Беті-қолды қариды.



Қыста шыны бол қатады,
Жылыда су болып жатады.



Табаныма байладым,
Қос аяқпен айдадым.



Жасыл ине киімім,
Жайлаймын тау биігін.
Жаңа жылды тоиласаң,
Төріңдемін үйінің.



Таудан түссем, тоқтауды білмейді,
Тауга қарай тартсам да жүрмейді.



ЖАҢЫЛТЛАШ ЖАТТАП АЛЫҢДАР



Даланы қар жабар,
Қарға балалар аққала қалар.

Тұз – мұздай,
Мұз – тұздай.

Жапалақтан, қаптан ақ қар жауды,
Алқапты әппақ ақ қар жапты.

Қыста боран болар, қар борар,
Қыздар шәлі орамал оранар.

Қыста –
Күн қысқа.
Күн қыста –
Тым қысқа.

Біз де ізге түстік,
Сіз де ізге түстіңіз.
Біз қыста ізге түстік,
Сіз күзде ізге түстіңіз.



Эн саламыз бәріміз



Жаңа жыл

Ояниши, тездеп ояниши,
Ояниши, бал бала.
Әппақ түске боянды,
Гажап бар дала.

Қайырмасы:

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Ақша қар төгеді.
Дала бір лала гүл,
Шаттыққа бөледі.

Ояниши, тездеп ояниши,
Шығайық қырқага.
Әппақ түске боянды
Жасыл шырша да.

Қайырмасы:

Мамығын ұлпа оранды
Бақша да, булар да.
Әппақ түске боянды
Асқар таулар да.

Қайырмасы:




Жаңа жыл



Өлеңін жазған:
А.Асылбек.


Әнін жазған:
Қ.Шілдебаев.



О-ян-шы, тез-деп о - ян - шы, О-ян-шы, бал ба - ла. _____



Әп-пақ түс- ке__ бо -ян - ды, Ға - жап бар да - ла. _____



Қ-сы:

Жа - на жыл, жа - на жыл, Ақ- ша қар тө - ге - ді.




Да - ла бір ла - ла гүл, Шат-тық - қа бө - ле - ді.




СӘЗДІК

қызыл
красный
red



сары
желтый
yellow




жасыл
зеленый
green



көк
синий
blue




кулғін
фиолетовый
purple



көгілдір
голубой
sky



ақ
белый
white




қызылт
розовый
pink




қызылт сары
оранжевый
orange



сұр
серый
gray



қоңыр
коричневый
brown




қара
черный
black



Кім? Не?

Төмендегі суреттерге қарап,
сұрақтарға жауап бер.

Жылқы



Мысық



Нан



Сағат



Алма



Қарлығаш




Түе



Бала



Арыстан



Қарбызы



Ит



Тікүшақ



Ата-анаға кеңес



Бала не үшін ұрлық, жасайды?

Кейде барлық ата-аналар балаларының үйге бөтен ойнышық немесе басқа да заттарды әкелу жағдайларына кездеседі. Бұл – шындық. Әрине, бұл жағдай жағымсыз әсер қалдырып, ата-аналар балаларын дұрыс тәрбиелей алмай жатырмыз деп ойлай бастайды. Алайда ешқандай үрейленуге негіз жоқ, себебі үйде бөтен ойнышықтың пайда болуының бәрі ұрлық бола бермейді гой. Мүмкін бала өзінің ойнышығымен аудистырып алған шыгар, сондықтан алдымен баланың бұл ойнышықты қайдан алғанын анықтап алған жөн.

30

Балалар ұрлығының себептері:

1. Бала әлі өзінің, өзгенің заттарын айыра алмайды. Бұл – баланың 2-4 жас кезі.
2. Кейде теледидардан ұрылар туралы кино көріп, оқиғаны қайталауы мүмкін. Сондықтан балаңыздың не көріп отырғанын бақылауда ұстау керек.
3. Бала өзін кемсітуге себеп болған затты ұрлауға баруы да мүмкін. Мысалы, құрдасы баланың алдында өзінің ерекше затын көрсетіп: «Менде мынау бар, сенде ол жоқ!» – деуі мүмкін. Мұндай жағдайда ата-аналар баласын қорғаудың дұрыс жағын таңдап, оған мұндай жағдайда өзін қалай ұстау керектігін түсіндірген жөн.


Баласы ұрлық жасаған ата-ананың білуі керек жағдайлар:

1. Ұрыс-керіс шығарып, ашуға бой алдырмаңыз. Бұл әрекетіңіз көмектеспейді, қайта қындарынан жібереді. Себебі ашууланып тұрганда артық сөз айтып қоюыңыз мүмкін, ол баланың психикасына кері әсерін тигізеді.
2. Оған түзелуге болмайтын іс-әрекетке барғандай қарамау керек. Қателікті барлығы жасайды. Енді тек бұл жағдайдан шығу жолын қарастыру керек.
3. Балаңыздың айналасына мән берініз. Ол араласатын құрдастарын бақылаңыз. Ұрлық жасауының себебі – тәртіпсіз достарының әсерінен болуы да мүмкін.
4. Ұрлық жасағаны белгілі болса, үндемей қоя салмаңыз, ал құптау мұлде дұрыс емес. Ұрлық жасады ма, бала жазалауға лайық теріс қылық жасағанын сезінсін.
5. Қоңтеген ата-аналар баласының көпшілік алдында істеген ісін мойында, кешірім сұрауын талап етеді. Бұл – мұлде дұрыс емес. Бұл әрекетіңізбен баланы қорлап тұрғаныңызды түсініңіз.
6. Баланы ешқашан «ұры» деп атамаңыз. Иә, ол қателік жасады, ал оны «ұры» атау жағдайды одан әрі ушықтырады. Ол өзін «ұры» деп атап жатса, неге оны жасамасқа деп ойлай бастайды.
7. Мұндай жағдайда оны өзге балалармен салыстырып, оған біреуді үлгі көрсетудің қажеті жоқ.
8. Балаңыздың мұндай мәселесін өзінің қатысуымен шешіңіз. Өзге кісілерге айтып, талқылауға болмайды, өйткені бала өзінің жақындарынан тек сыйластық пен қолдау күтеді.

Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері



Дені саудың - жаны сау



1. Тік тұрғандағы денені дұрыс ұстau ережесі

Иығынды жазып, ішінді тартып, салмағынды екі аяғына бірдей салып, тік тұр. Ұзак тұрып қалған жағдайда бір орында тұрып, салмақты екі аяққа кезек түсірген күйі немесе әр түрлі бағытқа бірнеше қадам жасау арқылы дене тұрысын өзгертуге болады.

2. Жүру кезіндегі денені дұрыс ұстau ережесі

Жүріп бара жатқанда басынды тік ұстап, көтеріп жүр. Еркін, сенімді жүріп, серіппелі адымда. Қозғалысты тізеден емес, белден баста. Мұндай кезде адымың қысқа да емес, алшақта емес болуы керек.

3. Қеудені дұрыс ұстau қалпы

Тіп-тік тұр, терең демал, содан соң демінді шығар да, бойынды еркін ұста. Осы кезде ішінді аздал тарту керек.

4. Иықты дұрыс ұстau қалпы

Иығынды барынша биік көтеріп, аздал артқа қарай апарып, түсір.

3. Отыру кезіндегі денені дұрыс ұстau ережесі

Дененді тырыстырмай, тұзу отыр. Арқаң тегіс, басың аздал алға созылған, екі қолың еркін түсіп тұруы керек. Орындықтың арқасына сүйенуге болады. Табаның еденге тіреліп тұрсын.

Ойлан, тап!



Байырмашылықты
тап!



Суреттер арқылы
жасырынған
мақалды тап!



қаран



,



қаран



таны.

ШЕБЕР КОЛДАР

ҚАҒАЗДАН ЖАСАЛГАН ШЫРША



1

Ол үшін

қатты қағаз;
түрлі-түсті жұмсақ
қағаздар;
скотч;
қайши;
желім

Кажет болады.

(1-сурет)

2



Алдымен қатты
қағазды конус пішінге
келтіріп, желіммен немесе
скотчен жабыстырамыз
(2-сурет).



3

Енді түрлі-түсті жұмсақ қағаздарды
ұзындығын бірдей, жіңішке етіп
қайшымен қып аламыз (3-сурет).

4



Содан соң қып алған
қағаздардың екі бұрышын
бір-біріне желіммен
жабыстырамыз (4-сурет).



5

Қатты қағаздан жасалған конус пішінге түрлі-түсті қағаздарды скотчен жабыстырымыз.

Конустың басына кішкентай пішінді конус кигіземіз. Қағаздан жұлдызыша қып алып, шыраны әсемдейміз (5-сурет).

Міне, сонымен қағаздан жасалған әдемі шыриша дайын болды (6-сурет).

6



Ермексаңдан жасалған доп



Суреттегі улгілер бойынша, ермексаңдан доп жасандар.

"Мұзды өлкеге сақтам"
оýыныңың
сүреттері

